**Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы**

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 26 наурыздағы N 122 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 18 сәуірде N 2-17-115 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 27-бабының 3-тармағына, 28-бабының 1-тармағына, 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 274 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 01 наурыздағы N 274 Жарлығын іске асыру туралы" N 326 Қаулысына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қалалық, поселкелік, ауылдық округ әкімдеріне Алматы облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Жамбыл көшесі, 96 үй мекен-жайында орналасқан "Алматы облысы Сарқан ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) шақыру учаскесі арқылы әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға құқығы жоқ, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша белгіленген әскери қызмет мерзімдерін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір -маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды жүргізу үшін әскерге шақыруды өткізу кезеңіне аудандық шақыру комиссиясы 1-қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2-қосымшаға сәйкес

бекітілсін.

4. Қалалық, поселкелік, ауылдық округ әкімдері 2012 жылдың сәуір -маусымында және қазан-желтоқсанында өтетін шақыру мерзімінде әскер қатарына шақырылғандары , олардың шақыру учаскесіне шақырылғандығы туралы хабардар етіп және олардың дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. "Алматы облысының Ішкі істер департаменті Сарқан ауданының ішкі істер бөлімі " мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және жеткізуді өз құзыреті шегінде ұйымдастырып, шақырушыларды жөнелту кезінде шақыру учаскесінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Сәрсембаев Азамат Сламжанұлына жүктелсін.

7. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Т. Шарапиев*

КЕЛІСІЛДІ:

*"Алматы облысының Ішкі істер департаменті Сарқан ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Асқарбаев Айдын Төреханұлы*

5 сәуір 2012 жыл

*"Алматы облысы Сарқан ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы* *Құмарғалиев Руслан Шораұлы*

5 сәуір 2012 жыл

*Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Сарқан аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директоры* *Мырзашев Иманғали Бөлегенұлы*

5 сәуір 2012 жыл

Сарқан ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 26 наурыздағы "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың

сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 122 қаулысына 1-қосымша

## Аудандық шақыру комиссиясының құрамы

Сәрсембаев Азамат Сламжанұлы Аудан әкімінің орынбасары, шақыру комиссиясының төрағасы;

Құмарғалиев Руслан Шораұлы "Алматы облысы Сарқан ауданының Қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы, шақыру комиссиясының төрағасының орынбасары;

Комиссия мүшелері:

Елесұлы Абылқасым "Алматы облысының Ішкі істер департаменті Сарқан ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығының орынбасары;

Қанапьянов Серік Ғазизұлы Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Сарқан аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директорының орынбасары;

Байғошанова Қатша Алматы облысы әкімдігінің "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы " Сарқан аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның медбикесі, комиссия хатшысы.

Сарқан ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 26 наурыздағы "Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 122 қаулысына 2-қосымша

## Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

| N | Шақыруды жүргізу айлары | Сарқан ауданында қалалық, поселкелік және ауылдық округтер бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне шақырылатындардың жалпы саны |
|---|---|---|
| 1 | Сәуір | 50 адам |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мамыр | 50 адам |
| 3 | Маусым | 50 адам |
| 4 | Қазан | 50 адам |
| 5 | Қараша | 50 адам |
| 6 | Желтоқсан | 50 адам |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК